

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

2020ж 14.04.

Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 29

город Кокшетау

«Ақмола облысының аумағында карантин режимінде қосымша шаралар енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 сәуірдегі № 27 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақмола облысының халқы арасында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантин режимінде қосымша шаралар енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 12 сәуірдегі № 27 қаулысына мынадай өзгеріс мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мына жағдайларды қоспағанда, тұрғылықты жерінен сағат 07.00-ден 21.00-ге дейін шықпау:

- азық-түлік, бірінші кезектегі қажетті заттарды, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу;
- ӨЖШ бекіткен ұйымдардың тізіміне сәйкес, жұмысқа шығу (тұрғылықты жерінен жұмыс орнына дейін және кері);
- шұғыл жағдай бойынша медициналық мекемеге шығу;
- үй жануарларын (иттерді, мысықтарды) 500 метрден аспайтын радиуста және ұзақтығы 30 минуттан аспайтын серуендетуді жүзеге асыру;»;

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мына жағдайларды қоспағанда, тұрғылықты жерінен сағат 21:00-ден сағат 7:00-ге дейін шықпау:

- дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алу;
- шұғыл жағдай бойынша медициналық мекемеге шығу;

• түнгі уақытта тіршілікті қамтамасыз ету ұйымдарына жұмысқа шығу (тұрғылықты жерінен жұмыс орнына дейін және кері);»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақты 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) ӨЖШ-ның келісімі бойынша «Сергек» деректер базасына енгізілген автокөлікті қоспағанда, Ақмола облысының елді мекендері арасында, қалалар мен аудандар аумағында жеңіл автокөліктің жүруіне тыйым салынады.»;

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мына жағдайларды қоспағанда, 2020 жылғы 13 сәуірден 2020 жылғы 25 сәуірге дейінгі кезеңде меншік нысанына қарамастан, Ақмола облысының қалалары мен аудандарының барлық кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін тоқтату:

- әкімдіктер;
- орталық атқарушы органдардың мемлекеттік ұйымдары;
- құқық қорғау, арнаулы органдар және сот жүйесінің ұйымдары;
- денсаулық сақтау ұйымдары;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- азық-түлік сататын сауда объектілері;
- сатып алушыларға тағам өнімдерін, көтерме сауда жасаумен жүзеге асыратын азық-түлік базарлары, сондай-ақ онлайн тапсырысты қабылдау және тауарларды курьерлермен жеткізу;

- өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоғамдық тамақтану объектілері;
- дәріхана;
- тіршілікті қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілер;

- шарт негізінде өңірдің тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға қызмет көрсететін автожуу, дөңгелек жөндеу шеберханалары және ТҚС;

- сондай-ақ, ӨЖШ бекіткен ұйымдардың тізбесі.».

мынадай мазмұндағы 4-1-тармағымен толықтырылсын:

«4-тармақтың 2) тармақшасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын ұйымдар (меншік нысанына қарамастан) қызметкерлерді жұмыс орнына дейін және кері жеткізуді қамтамасыз етсін.».

2. Жағдай өзгерген кезде қосымша шектеулер енгізу және бұрын енгізілген шектеулерді алып тастау мүмкін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 15 сәуірі сағат 21:00-ден бастап күшіне енеді.

**Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



А. Мусина